

ТҮЙТКІЛ

Орманды ойсыратып алмайық

Көкшетау мен Қорғалжынның арасындағы кең көсілген иен даладағы қолдың саласындай ақ қайындар мен мәңгі жасыл қарағайлар көмкерген орманды алқапқа биылғыдай аптап ыстықтың қызуы қайтпай тұрған жылы қауіп көп. Жаз келгелі 72 өрт оқиғасы болған.

Байкал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Қар суы кеуіп, даланың таңдайы құрғағаннан-ақ сумаңдаған өрт тілі байқала бастады. Әдетте дикандар алқапқа шығысымен аласапыран басталады. Былтырдан қалған, қурап тұрған өліқаудың тұтануы тез. Абайсыз тасталған бір тал темекі қалдығы, бей-сауат жатқан әйнек те қызыл жалынның пайда болуына себеп. Оның үстіне табиғатқа тәксіретін тигіземін деп ойламайтындардың ойда жоқта тигізер залалы да аз емес. Даланы тілсіз жаудың сыпыртқысы шарпыса, орманның да тып-типыл болатыны белгілі. Биыл сәуір айының алғашқы онкүндігінен дала өртінің қауіпі біртіндеп белгі бере бастады. Дәл сол күні алғашқы өрт туралы дерек тіркелді.



Жаз жалпак даланы аңызак желімен қақтағандай кенезесін кептірген ыстық болды. Құрғақшылықтың салдарынан дала өрті де жиі. Тек соңғы аптада ғана өңірде 12 мәрте орман өрті шықты. Жағдай дәл осы қалпынан танбаса, ел

қазынасы – қара орманның қауіпке қалатын түрі бар. Өңірдің өрт сөндіру қызметі қол қусырып қарап отырған жоқ. Арнайы қызметтен басқа елді мекендерде 1 200-ге жуық адамның басын біріктірген 200-ден аса ерікті жасағы бар. Әйтсе де қызыл

жалынды құрықтауға құдірет жетпей тұр. Өрттің шығу себебі – адамдардың бейқамдығынан. Ерте көктемде ауыл шаруашылығы құрылымдары алқап үстіндегі ескі сабанды, өліқауды күйдіріп, егістік жерін тазалаған кезде абайсызда

өрт шығып жатса, табиғат аясында тынығушылар да кесірін тигізіп тұр.

– Облыс аумағында 71 961 гектар алқапты қамтыған дала өртінің 71 оқиғасы тіркелді. 4 мың гектардан аса алқапта 5 мәрте дала өрті орын алса, 930 мың гектар алқаптың шөбі жанып кетті. Ал орны толуы қиын орман өрті өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда, 44 оқиғаға көбейді, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Манарбек Шапағатов.

Ел ішінде түсінік жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, облыстық төтенше жағдайлар департаменті өткен аптада 119 мәрте өрттің алдын алу бағытында рейд ұйымдастырған. Нәтижесінде өртке қарсы талаптарды өрескел бұзған үш адам әкімшілік жауапкершілікке тартылыпты. Мұндай іс-шаралар жыл басынан бері жүргізілуде. Халыққа айтып-түсіндіру аз емес. Өрт шығуына себепші болуы мүмкін 128 азамат жауапкершілікке тартылған, 122 адамға ескерту жасалыпты, 6 адамға 446 302 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Ойланбай істеген қимылының кесірінен тамаша табиғаттың жанына жара түсіп, ел мақтанышы – орманның ойсырап қалатынын ескермейтіндіктері несі екен?!

Ақмола облысы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Жанашырлық жасау жолдары қарастырылды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Көкшетауда Біргеміз республикалық волонтерлер фронт-офісінің өкілдері облыстың волонтерлік корпусымен кездесті.

Байкал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шараға Біргеміз республикалық волонтерлер фронт-офісінің басшысы Татьяна Миронок, фронт-офістің сарапшысы Олжас Әбдухамитов және өңірдегі волонтерлік ұйымдардың белсенділері, жастар ресурстық орталықтарының басшылары қатысты.

Кездесу барысында қатысушылар волонтерліктің жол картасын жүзеге асыру, волонтерлік қызметті қолдау стандартын

әзірлеу мәселелерін талқылады. Еріктілердің ерен істерін дамытудың жаңа қырлары іздестірілді. Бұл тарапта кездесуге қатысушылар өздерінің оралымды ойларын бөлісіп, пайымды пікір білдірді.

Татьяна Миронок атап өткендей, бүгінде Қазақстанда 600-ге жуық волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Жыл сайын елімізде белсенді азаматтық ұстанымын көрсетуге және мұқтаж адамдарға көмектесуге ниет білдірген еріктілер саны көбейіп келеді. Ақмола өңірінде де жаман індет шыққалы атымтай жомарттардың

елге қайырымдылық жасаған көмектері аз емес. Оның барлығы қысылған жанға көпкөрім демеу болса, жас құрақтай желкідеп өсіп келе жатқан жастарға өміршең өнеге, әдемі үлгі. Бүгінгі күні мыңдаған еріктілердің басын құрайтын 90 ұйым жұмыс істеуде. Ел иығына түскен жүкті осы еріктілер көтерісіп отырғандығын айта кетсек, артық болмас.

Кездесу соңында Біргеміз республикалық волонтерлер фронт-офісінің өкілдері жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлері үшін жанашырлық жасаудағы жаңалықтың жайын ұқтыратын мәселелерді бүге-шігесіне дейін талқылады.

Ақмола облысы

«М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Инновациялар, интернационалдандыру және трансформация мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесі бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Петропавл қаласы, Пушкин к-сі, 86.

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы, мүмкіндігінше шетелдік ЖЖОҚБҰ-да алған білім; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе конкурстық лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілі. Конкурсқа қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жасан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген үлгі бойынша 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) білімі туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері;
- 5) жұмыс орны (қолданыстағы, не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) №075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби кеңес қорытындысы);
- 7) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
- 8) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
- 9) Қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Петропавл қ., Пушкин к-сі, 86, 2 корпус мекенжайы бойынша «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАК Корпоративтік хатшысына ұсыну қажет (426 кабинет, телефоны: +77775122629).

ТОО «Первомайский» объявляет общее собрание учредителей. Собрание состоится 14 августа в 10.00 часов в актовом зале ТОО «Первомайский».

КҮПТІ КӨңІЛ

Жеке деректер желіге тарап кетті

Қазақстандық қолданушылардың Telegram-аккаунтындағы 30 мыңнан астам жеке дерегі желіге тарап кеткен.

Бұл туралы «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның KZ-CERT Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметі хабарлады.

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ KZ-CERT Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметі Интернеттің қазақстандық сегментіне мониторинг жасау барысында Telegram-аккаунттардың бірінен Telegram мессенджерін қолданушылардың жеке деректері туралы 744 мың жазба жинақталған файлды тапты. Талдау барысында файлда қолданушының ID-і, аты, тегі, телефон нөмірі және «өзім туралы» бағанындағы қолданушының жазбасы сынды жеке деректер бар екені анықталды. Оның ішінде 30 мың аккаунт қазақстандық телефон нөмірлеріне тіркелген болып шықты», деп мәлімдеді «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ KZ-CERT баспасөз қызметі.

Файл табылған Telegram-арнаының авторы оны «Глаз Бога» платформасының клиенттер базасынан деп берген. Бұл арнаының 1 млн-нан астам қолданушысы бар. ТМД елдеріндегі ең ірі сервис болып саналатын канал ақпараттарды әлеуметтік желілерден, мессенджерлерден

сұрау салу арқылы және іздеу жүйелері секілді басқа да дереккөздерден жинақтайды.

Дербес деректердің осылай желіге таралып кетуі иесіне зиян келтіреді. Мұндай жеке деректерді бөгде адамдар әлеуметтік инженерияда ақпарат алу құралы ретінде қолдануы немесе жеке банктік деректерді алу мақсатында қолдануы соғу, хабарламалар жөнелту ретінде пайдалануы мүмкін.

«Осыған байланысты Интернеттің барлық сегментін пайдаланушы қазақстандықтарға айтарымыз, кибергигиенаны қатаң сақтанғыздар. Интернетте жеке дербес деректерді енгізу кезінде әсіресеақ болып, қырағылық танытқан жөн және үшінші тұлғаларға жеке деректер туралы ақпаратты таратпауын сұраймыз», дейді мамандар.

Еске сала кетсек, компьютерлік инциденттерге әрекет ету орталығы (KZ-CERT) – компьютерлік қауіпсіздік қауіптерінің алдын алуда пайдаланушыларға консультативтік және техникалық қолдауды, компьютерлік инциденттер жөніндегі ақпараттарды жинау мен талдауды қамтамасыз ететін бірыңғай орталық.

«Егемен-ақпарат»

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әкімшіліктің қызметкері Людмила Николаевна Шекимоваға әкесі Николай ФЕДОРОВИЧТИЦ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппараты осы Палата Аппаратының қызметкері Бексұлтан Кәленұлы Баймахановқа әпкесі Күмісай Каленқызы ПИРМУХАМЕДОВАНЫЦ қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ақмола филиалының директоры Марат Мұхаметқалиұлы Барлыбаевқа анасы Күлай БАШАБАЕВАНЫЦ өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұжымы (1992-1998 жж. Ұлттық мемлекеттік банкі облыстық басқармасының бастығы, 1998-2014 жж. ҚРҰБ Батыс Қазақстан филиалының директоры) Борис Ізбасарұлы ИЗБАСАРОВТЫЦ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАК Математика және механика ғылыми-зерттеу институты мен механика-математика факультетінің ұжымы ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мақсат Нұрәділұлы Қалимолдаевқа әкесі Нұрәділ ӘШІМБАЙҰЛЫНЫЦ қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
Академик Ө.А.Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институтының ұжымы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мақсат Нұрәділұлы Қалимолдаевқа және Логистика және транспорт академиясының президент-ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Салтанат Нұрәділқызы Әміргалиеваға әкелері, Қазақстан оқу ісінің қайраткері Нұрәділ ӘШІРБАЙҰЛЫНЫЦ қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.
«Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» ұжымы бас директорының кеңесшісі, ҰҒА академигі Мақсат Нұрәділұлы Қалимолдаевқа әкесі Нұрәділ Әшімбайұлы ҚАЛИМОЛДАЕВТЫЦ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.